

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 982 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын инспекциялау туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 306 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2189. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 (V042845) қаулысымен.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметіне инспекция жүргізу шарттары мен рәсімдерін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын инспекциялау туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 982 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы", "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 1-16 қаңтарда жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын инспекциялау туралы нұсқаулықта:

3-тармағындағы "деректер" деген сөзден кейін ", әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау жөніндегі өкілеттіктер" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Инспекция жүргізуші топтың басшысы тексеру жүргізілетін сақтандыру ұйымының басшысына сұрату жіберуге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Әрбір тексерілген учаске бойынша инспекция жүргізуші топтың жұмыс есебі жасалып, сақтандыру ұйымына қарауға ұсынылады.

Ескертулер болмаса, сақтандыру ұйымы жұмыс есебіне қол қояды. Жұмыс

есебінің мазмұнына ескертулер болған жағдайда сақтандыру ұйымы жұмыс есебіне қол қойып, өзінің наразылығын білдіреді, ол инспекция жүргізуші топтың қарауына жатады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сақтандыру ұйымына инспекция жүргізу аяқталғаннан кейін үш апта мерзімде инспекция жүргізуші топтың басшысы тексеру нәтижелері туралы қорытынды есеп жасайды және оны Ұлттық Банктің қаржылық қадағалау бөлімшесінің (бұдан әрі - қаржылық қадағалау бөлімшесі) басшысы мақұлдағаннан кейін тексеру жүргізілетін сақтандыру ұйымына қол қоюға жібереді. Қорытынды есепте тапсырмада көзделген мәселелер тиісті бөлімдерге б і р і к т і р і л е д і .

Тексеруге қатысты мәселелер бойынша Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінен немесе үшінші тұлғалардан қосымша мәліметтер, қорытындылар алу қажет болған жағдайда қаржылық қадағалау бөлімшесінің басшысы инспекциялау нәтижелері жөніндегі есепті дайындау мерзімін ұзартуы мүмкін.";

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру ұйымы инспекциялаудың қорытынды есебін алған күннен бастап он күндік мерзімде оған қол қойып Ұлттық Банкке жібереді.";

10, 14 және 15-тармақтардағы "Ұлттық Банктің Сақтандыруды қадағалау департаментінде", "Ұлттық Банктің Сақтандыруды қадағалау департаментінің", "Сақтандыруды қадағалау департаментіне" деген сөздер тиісінше "қаржылық қадағалау бөлімшесінде", "қаржылық қадағалау бөлімшесінің", "қаржылық қадағалау бөлімшесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақта "қорытынды есеп" деген сөздер "қорытынды, жұмыс есептері" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) Ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК